ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 14 мамыр №4360-24-00-2/806 іс Қызылорда қаласы

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші - судья С. Умарсирикова,
А. Әуелбектің хатшылығымен,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының «Қызылорда облыстық тері-венерология диспансері» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
жеке кәсіпкер ИП «Бектас» атауымен әрекет етуші Бектас Қонысбайұлы Жаңбырбаев

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану

СОТҚА ҚАТЫСҚАН:
талап қоюшының өкілі М. Бутабекова

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2024 жылдың 17 қаңтардағы №11296984-ЗЦП1 баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен мемлекеттік сатып алу қорытындысы туралы хаттамаға сәйкес, 2024 жылдың 26 қаңтарда талап қоюшы (Тапсырыс беруші) мен жауапкер (Өнім беруші) №18 тауарларды мемлекеттік сатып алу шартын (бұдан әрі - Шарт) жасаған.

Шарттың және 1,2-қосымшаларына сәйкес, жауапкер жалпы сомасы 1 458 700 теңгеге 7 000 кг. картоп, 1 000 кг. сәбіз, 300 кг. қызылша, 2 000 кг. қырыққабат, 1 000 кг. басты пияз өнімдерін тапсырыс берушінің келісім шарт қол қойылған күннен кейін тапсырыс берушінің сұранысына сәйкес және кесте бойынша 2023 жылдың 31 желтоқсанға дейін жеткізуге міндеттенген.

Жауапкер талап қоюшыға 2024 жылдың 1 ақпан, 14 ақпан және 11 наурызда картоп – 83 кг., сәбіз – 113 кг., қызылша – 44 кг., қырыққабат – 137 кг., бас пияз – 161 кг. жеткізген.

Талап қоюшы 2024 жылдың 27 наурыз бен 1 сәуірде мемлекеттік сатып алу порталы арқылы тауарды жеткізу туралы жауапкерге хабарлама жолдаған, бірнеше рет телефон қоңырау шалып, алайда жауапкер бүгінгі күнге дейін сұранысы бойынша жеткізуге тиіс өнімін толығымен әкелінбей отыр. Шарт 2024 жылғы 23 сәуірде күші жойылған.

Сондықтан, талап қоюшы талабымен сотқа жүгініп, арызда жауапкер шарт бойынша міндеттемесін тиісті түрде орындамағанын көрсетіп, оны мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тануды сұраған.

Талап қоюшының өкілі талап қоюды қолдап, талабын қанағаттандыруды сұрады.

Жауапкер сот отырысы туралы тиісті түрде хабарлағанымен сотқа дәлелсіз себептермен келмеген, талабына пікір ұсынбаған, сондықтан сот азаматтық істі Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі – АПК) 196-бабына сәйкес жауапкердің қатысуынсыз қарауды ұйғарды.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (бұдан әрі - АК) 272-бабына сәйкес, міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуы тиіс.

АК-нің 349-бабының 1-тармағына сәйкес, міндеттемені орындамау, не тиісті дәрежеде орындамау (мезгілінде орындамау, тауарлар мен жұмыстарды толық орындамау, міндеттеме мазмұнында белгіленген басқа жағдайларды бұзып орындау) - тиісінше орындамау оның бұзылуы деп түсініледі.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» 2015 жылғы 4 желтоқсандағы №434-V ЗРК Қазақстан Республикасының Заңының 12-бабының 4-тармағының 3)-тармақшасына сәйкес, өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім беруші мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар тізіліміне енгізіледі.

Іс құжаттарынан анықталғандай, жауапкер 2024 жылдың 27 наурыз және 1 сәуірде талап қоюшының тапсырыс бойынша жеткізілуіне тиісті өнімдерін жеткізбеген, сондықтан талап қоюшы жауапкерге шарттық міндеттемесін тиісінше орындамағанына үшін сотқа жүгінетінін туралы сұраныс хабарламаны жолдаған.

Талап қоюшының талабы жоғарыда аталған шартпен, оның қосымшаларымен, хабарлама хаттарымен т.б. құжаттармен дәлелденеді.

Шарттағы көрсетілген өнімнің уақытылы жеткізілмеуі салдарынан, тапсырыс беруші тарап бойынша – стационарлық үлгідегі ұйымда тәуілік бойы тұруға арналған адамдарға, тамақ ұсыну өнімдерінің құрамында өнімін болмау салдарынан қиындық тұдыруда.

Құжатқа қол қойылған: Умарсирикова С. С., 20.05.2024

Заңды күшіне енген күні: 20.06.2024, судья Умарсирикова С. С., 20.06.2024

Шарт 2024 жылғы 23 сәуірде күші жойылған.

Сот, талап қоюшы өкілінің түсінігін тыңдап, іс құжаттарын зерттеп, жауапкер Шартта көрсетілген міндеттемесін тиісінше орындамауына байланысты, Заңның 12-бабының 4-тармағының 3)-тармақшасына сәйкес талап қоюды заңды әрі негізді деп санап, жауапкер мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылуға жатады деп санайды.

АПК-нің 117-бабына сәйкес жауапкерден мемлекет кірісіне сот шығыны 1 846 теңге мемлекеттік баж өндірілуі тиіс.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының «Қызылорда облыстық тері-венерология диспансері» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер ИП «Бектас» атауымен әрекет етуші Бектас Қонысбайұлы Жаңбырбаев мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер ИП «Бектас» атауымен әрекет етуші Бектас Қонысбайұлы Жаңбырбаевтан мемлекет кірісіне сот шығыны 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж сомасы өндірілсін.

Шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалармен өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қызылорда облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына АПК-нің 403, 404-баптарының талаптары сақтала отырып, апелляциялық шағым беруі, прокурормен апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья **С. Умарсирикова**

Құжатқа қол қойылған: Умарсирикова С. С., 20.05.2024

Заңды күшіне енген күні: 20.06.2024, судья Умарсирикова С. С., 20.06.2024